

"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 49-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы (бұдан әрі – ұлттық жоба) бекітілсін.

2. "Samruk-Kazyna Construction" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде орта білім беру ұйымдары объектілерінің нысаналы құрылысы жөніндегі дирекция ретінде айқындалсын.

3. Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) ұлттық жобаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) ай сайынғы негізде ұлттық жобаның орындалу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне ұсынып тұрсын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен ұлттық жоба шеңберіндегі жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптаманы уақтылы жүргізуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.10.2023 № 957 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігімен, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдерімен бірлесіп орта білім беру ұйымдарының педагогтерін даярлау және қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұлттық жобаны үйлестіруді, мониторингілеуді және әдіснамалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

7. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) орта білім беру ұйымдарының объектілерін салу үшін жер учаскелерімен;

2) "Samruk-Kazyna Construction" акционерлік қоғамымен бірлесіп орта білім беру ұйымдарының салынып жатқан объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеуді;

3) орта білім беру ұйымдарының салынып жатқан объектілерінің тиісінше жұмыс істеуі үшін қажетті инфрақұрылымды жүргізуді қамтамасыз етсін.

8. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары әкімдерінің ұлттық жоба іс-шараларының орындалуына, оның ішінде орта білім беру ұйымдарының объектілерін пайдалануға беру жоспарының уақтылы орындалуына, пайдалануға берілген орта білім беру ұйымдары объектілерінің жұмыс істеуін және жобалық қуатынан төмен емес көлемде олардың білім алушылармен толтырылуын қамтамасыз етуге дербес жауапкершілігі бекітілсін.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүктелсін.

10. Осы қаулы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 963 қаулысымен
бекітілген

"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы

Ескерту. Ұлттық жобаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.10.2023 № 957; 18.03.2024 № 202 қаулыларымен.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мазмұнына өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 19.12.2024 № 1079 қаулысымен.

Атауы	Бет
1-бөлім. Паспорт	3-4
2-бөлім. Білім саласындағы ағымдағы жағдай	5-8
3-бөлім. Ұлттық жобаның мақсаты мен міндеттері	9
1-міндет. 2026 жылға дейін қалаларда және ауылдық елді мекендерде оқушы орындарының ағымдағы және болжамды тапшылығын жабу үшін кемінде 460 400 (екі ауысымда оқыту кезінде) жаңа оқушы орнын пайдалануға беру	
2-міндет. Ұлттық жоба шеңберінде іске қосылатын орта білім беру ұйымдарында жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру	11-15
4-бөлім. Ұлттық жобаны қаржыландыру	15-16
1-қосымша. 300 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға тапсырма	17-31

2-қосымша. 600 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға тапсырма	32-46
3-қосымша. 900 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға тапсырма	47-61
4-қосымша. 1200 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға тапсырма	62-77
5-қосымша. 1500 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға тапсырма	78-92
6-қосымша. 2 000 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға тапсырма	93-107
7-қосымша. 2500 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға тапсырма	108-122
8-қосымша. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары	123-131
8-1-қосымша. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде салынып жатқан орта білім беру ұйымдары объектілерінің елішілік құндылығы жөніндегі есеп	
9-қосымша. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының базалық параметрлері	132-136
9-1-қосымша. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде консорциум құру арқылы іске асырылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының базалық параметрлері	
10-қосымша. 2023-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде өңірлер бөлінісінде жылдар бойынша жаңа оқушы орындарын іске қосудың жиынтық жоспары	137-188
11-қосымша. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде орта білім беру объектілерін салуға облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары	
12-қосымша. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары	192-200

1-бөлім. Паспорт

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 19.12.2024 № 1079 қаулысымен

--	--	--

1	Атауы	"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы (бұдан әрі – ұлттық жоба)
2	Ұлттық жобаны әзірлеу негіздемесі	Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауы
3	Ұлттық жобаның мақсаты	Орта білім беру ұйымдарында авариялық мектептерді, үш ауысымда оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою
4	Іске асыру мерзімі	2023 – 2025 жылдар
5	Ұлттық жобаны іске асыруға қажетті жалпы қаржыландыру көлемі	Барлығы: жайлы жағдайлар жасалған жаңа мектептерді салуға және ашуға 1 493 183 305 мың теңге, оның ішінде жылдар бөлінісінде: 2023 жылы – 499 999 715 мың теңге; 2024 жылы – 646 535 491 мың теңге; 2025 жылы – 346 648 099 мың теңге.
6	Ұлттық жобаны әзірлеушінің атауы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
7	Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атауы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары,

		"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (келісу бойынша), "Samruk-Kazyna Construction" акционерлік қоғамы (келісу бойынша), "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (келісу бойынша).
8	Ұлттық жобаның жетекшісі	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғ.Б. Бейсембаев
9	Ұлттық жобаның кураторы	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Скляр
10	Күтілетін нәтижелер	1) 2026 жылға дейінгі мерзімде кемінде 460 400 жаңа оқушы орнын (екі ауысымда) құру арқылы орта білім беру ұйымдарындағы оқушы орындарының тапшылығын, үш ауысымда оқытуды және авариялық жағдайды жою; 2) көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын, оның ішінде білім беру процесіне қатысушылардың жабдыққа, зертханаларға, интернетке қол жеткізуіндегі теңгерімсіздікті (өңірлер арасындағы, ауыл мен қала арасындағы) жою арқылы арттыру, сондай-ақ қолайлы жағдайлар жасау; 3) 2025 жылы орта білім беру саласы бойынша негізгі капиталға салынатын инвестициялар – 109 % (2021 жылғы деңгейге қарағанда нақты өсу %); 4) 2026 жылға қарай орта білім беру объектілерін салу есебінен кемінде: - 21,6 мың уақытша жұмыс орнын; - 31 мың тұрақты жұмыс орнын құру

2-бөлім. Білім саласындағы ағымдағы жағдай

Білім сапасын арттыру – мемлекеттің басым мақсаты. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және орта құру міндеті қойылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі " Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесінің жағдайы ұлттың әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқаратын маңызды мәселе, ал орта білім беру сапасы маңызды фактор болып табылатынын атап өтті.

Әрбір қазақстандық мектеп оқушысына білім алуы және жан-жақты дамуы үшін білім алушылардың және олардың ата-аналарының қатысуымен мемлекет, мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым тарапынан лайықты жағдайлар жасалуы тиіс.

Орта білім беру саласында, әсіресе, ірі қалалардағы ең өзекті мәселе –оқушы орнының тапшылығы.

Тәуелсіздік жылдары ішінде еліміз бойынша мектептер желісі 1,4 мың бірлікке (9 мыңнан бастап 7,6 мыңға дейін) қысқарды, олардың басым бөлігі перспективалы емес елді мекендерде орналасқан шағын жинақты мектептерде білім алушылар санының қысқаруына және олардың жабылуына байланысты болды. Білім алушылар контингенті 3,7 миллион білім алушыға жетті, оның 2,2 миллионы қалалық мектептерде, 1,5 миллионы ауылдық мектептерде оқиды. 2022 жылы оқушы орындарының қазіргі тапшылығы 270 мың орынды, оның ішінде қалада – 174 мың орынды, ауылда – 96 мың орынды құрайды.

Оқушы орындарының қазіргі тапшылығы

Өңірлер	Оқушы орындарының тапшылығы	оның ішінде:	
		қала	ауыл
Абай облысы	8 719	7 740	979
Ақмола облысы	12 923	9 843	3 080
Ақтөбе облысы	16 321	10 272	6 049
Алматы облысы	22 864	2 339	20 525
Атырау облысы	14 414	10 608	3 806
Батыс Қазақстан облысы	5 198	2 254	2 944
Жамбыл облысы	17 312	6 836	10 476
Жетісу облысы	5 036	2 990	2 046
Қарағанды облысы	2 468	1 489	979
Қостанай облысы	2 436	1 999	437
Қызылорда облысы	8 589	4 333	4 256
Маңғыстау облысы	10 503	3 802	6 701
Павлодар облысы	1 219	898	321
Солтүстік Қазақстан облысы	6 514	3 912	2 602
Түркістан облысы	42 842	12 538	30 304
Ұлытау облысы	459	459	-

Шығыс Қазақстан облысы	4319	3 500	819
Астана қаласы	20 973	20 973	
Алматы қаласы	39 065	39 065	
Шымкент қаласы	27 931	27 931	
Жиыны:	270 105	173 781	96 324

Тапшылық бойынша ең өзекті жағдай бес өңірде (Түркістан, Алматы облыстары және Астана, Алматы, Шымкент қалалары) байқалады, онда оқушы орындарының тапшылығы жалпы көрсеткіштің 59 %-ын (159 мың орын) құрайды.

Бұдан басқа, жұмыс істеп тұрған 710 мектеп әбден тозған. 177 мектеп пайдалану мерзімі 70 жылдан асатын ғимараттарда, 239 мектеп саманнан, 69 мектеп ағаштан, 5 мектеп қамыстан және 40 мектеп бейімделген ғимараттарда орналасқан.

Мәселен, 2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Ұлттық білім беру дерекқорының (бұдан әрі – ҰБД) деректеріне сәйкес елде 37 мектеп (немесе күндізгі жалпы білім беретін мемлекеттік мектептердің жалпы санынан 0,54 %) авариялық жағдайда деп танылды, 142 мектепте (немесе күндізгі жалпы білім беретін мемлекеттік мектептердің жалпы санынан 2,06 %-ында) оқыту үш ауысымда жүргізіледі.

Білім берудің инфрақұрылымын дамытудың сын-қатері:

мектептер құрылысының қазіргі қарқыны демографиялық және көші-қон процестеріне, жинақталып қалған оқушы орындары тапшылығының орнын толтыруға ілесе алмай отыр (бала туу саны өсуде, 2020 жылдан бастап 2022 жылдың бірінші жартыжылдығы аралығында 1 039 775 бала дүниеге келді: 2020 жылы – 426 824, 2021 жылы – 451 491, 2022 жылдың 6 айында – 161 460 бала; соңғы үш оқу жылында бірінші сынып оқушыларының саны 1 160 311 оқушыны құрады (2020 – 2021 оқу жылында – 367 301, 2021-2022 оқу жылында – 392 010, 2022-2023 оқу жылында – 401 000), халықтың көші-қоны 34% және мектеп ғимараттарының тозуы 15%-ды, 2026 жылға қарай оқушы орнының болжамды тапшылығы – 1,1 млн құрайды);

мектептер құрылысына арналған бірыңғай стандарттың болмауы;

пайдалануға берілетін мектептердің оқу жабдықтарымен, пән кабинеттерімен толық қамтамасыз етілмеуі;

сапасыз құрылыс және әрлеу материалдарының пайдаланылуы;

мектептер құрылысын жобалауға, салуға мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық рәсімдердің ұзақ уақыт жүргізілуі (пайдалануға берілгенге дейін орта есеппен 48 ай) объектілер құнының өсуіне, шарттарды бұзуға және "құрылыстың ұзақ уақыт салыну" проблемасына алып келеді;

жосықсыз құрылыс салушылармен келісімшарттар жасасу.

Нәтижесінде сыныптарда балалар санының шамадан тыс көп болуы (25-тен артық білім алушы), үш ауысымда оқыту, оқушы орнының тапшылығы сияқты проблемалар

туындайды. Жалпы алғанда аталған проблемалар білім сапасына және балалардың әл-ауқатына кері әсерін тигізеді.

Үш ауысымды мектептердің жоғары үлесінің сақталу себебі – жергілікті атқарушы органдардың оқушы орындарының тапшылығы мен балалар санының өсуін ескере отырып, мектептер салуды сапалы жоспарламауы, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырудың жеткіліксіздігі, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру рәсімдерінің ұзақтығы және құрылыс құнының қымбаттау факторларының болуы.

Бала туу (51 %), халықтың көші-қоны (34 %) және мектеп ғимараттарының тозуы (15%) тапшылықтың өсуінің негізгі факторлары болып табылады.

Үш ауысымды мектептердің жоғары үлесін төмендету жөнінде уақтылы шаралар қабылдау және оқушы орындарының тапшылығын одан әрі есептеу мақсатында контингенттің өсуі мен оның 2026 жылға дейінгі көші-қонына нақты болжамды талдау жүргізілді (экстраполяциялық әдіс қабылданды), ол динамикадағы нақты болжамды, өткен кезеңдерде байқалған үрдістерді ескере отырып, болашақтағы көрсеткіштерді анықтауға негізделіп жасалды.

2026 жылғы 1 қаңтарға оқушы орындарының болжамды тапшылығы (бала туу көрсеткіштерін, урбанизацияны, өңірішілік және өңіраралық көші-қонды, сондай-ақ ғимараттардың тозуын ескере отырып)

Өңір	Тапшылық, барлығы	Оның ішінде:	
		қалада	ауылда
Абай облысы	8 934	8 846	88
Ақмола облысы	34 897	23 053	11 843
Ақтөбе облысы	59 074	59 074	-
Алматы облысы	105 444	27 071	78 373
Атырау облысы	58 673	42 914	15 759
Батыс Қазақстан облысы	28 720	22 504	6 215
Жамбыл облысы	64 242	34 617	29 625
Жетісу облысы	45 191	11 602	33 589
Қарағанды облысы	21 951	20 866	1 085
Қостанай облысы	12 536	12 536	-
Қызылорда облысы	52 452	30 914	21 538
Маңғыстау облысы	74 509	37 373	37 137
Павлодар облысы	23 288	19 283	4 005
Солтүстік Қазақстан облысы	6 922	6 922	-
Түркістан облысы	135 349	55 685	79 664
Ұлытау облысы	9 408	8 943	465

Шығыс Қазақстан облысы	20 847	20 643	204
Астана қаласы	127 263	127 263	-
Алматы қаласы	125 744	125 744	-
Шымкент қаласы	102 498	102 498	-
Жиыны:	1 117 942	798 352	319 590

2026 жылға дейін контингенттің жыл сайынғы өсімінің болжамы мен талдауы бойынша прогрессивті өсудің динамикалық көрсеткіштерін және әрбір өңір бөлінісіндегі үлестің төмендеуін ескере отырып, білім алушылардың болжамды контингенті 2026 жылғы 1 қаңтарға 4,3 млн адамды құрайтын болады. Контингенттің ең қарқынды өсімі – қалаларда, онда контингент 2 606 мың білім алушыны (өсім – 631 мың), ал ауылдық жерлерде 1 724 мың білім алушыны (өсім – 217 мың) құрайтын болады. Осылайша, қалалардағы білім алушылардың үлесі 57 %-дан 60 %-ға дейін өседі.

Білім алушылар контингентінің көрсетілген болжамы бойынша негізгі өсім Астана (+103 мың адам), Алматы (+93 мың адам) және Шымкент (+79 мың адам) қалаларына (абсолютті сандар бойынша да, өсу қарқыны бойынша да көшбасшылар), сондай-ақ Алматы (+123 мың адам) және Түркістан (+87 мың адам) облыстарына тиесілі.

Ауылдық мектептерде білім алушылар контингентінің өсімі барлық өңірлерде байқалады, бірақ білім алушылар контингентінің негізгі өсімі Түркістан (+40 мың адам) және Алматы облыстарына (+33 мың адам) тиесілі.

Ауылдық мектептер бойынша білім алушылар контингентінің төмендеуі Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Ақтөбе және Қостанай облыстарында байқалады.

Тұтастай алғанда, жоғарыда көрсетілген деректер оқушы орындардың тапшылығы бойынша деректердің бұрмалануын болдырмау үшін профициттік мектептерді есепке алмай ұсынылған.

Іске асырылып жатқан "1000 мектеп құрылысы" жобасы бойынша оқушы орындарын қарқынды пайдалануға беруді назарға ала отырып, қолданыстағы "Сапалы білім беру "Білімді ұлт" ұлттық жобасы шеңберінде 2021-2022 жылдар аралығында оқушы орындарының болжамды тапшылығы 320,6 мың орынға қысқарады және 2026 жылғы 1 қаңтарға қарай 797,3 мың орынды құрайтын болады.

Алдағы уақытта бір ауысымды оқуға көшу жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Бұдан басқа, ҰБД деректері бойынша мектептер инфрақұрылымында алшақтық бар. Ауыл мектептерін жаңғырту шеңберінде пән кабинеттерін сатып алу жүзеге асырылуда.

. Мәселен, жаңа модификациядағы биология кабинеттерінің үлесі кабинеттердің жалпы санынан 37,4 %-ды, физика – 8,9 %-ды, информатика – 8,5 %-ды, робототехника – 2,2 %-ды құрайды.

3-бөлім. Ұлттық жобаның мақсаты мен міндеттері

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 19.12.2024 № 1079 қаулысымен

"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаның (бұдан әрі – Ұлттық жоба) мақсаты – орта білім беру ұйымдарында авариялық объектілерді, үш ауысымда оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою.

1-міндет. 2026 жылға дейін қалаларда және ауылдық елді мекендерде оқушы орындарының ағымдағы және болжамды тапшылығын жабу үшін кемінде 460 400 (екі ауысымда оқыту кезінде) жаңа оқушы орнын пайдалануға беру.

Ұлттық жоба бойынша орта білім беру ұйымдарының объектілерін жобалауды Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (бұдан әрі – ҚІК) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп әзірлеген 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000, 2500 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектептерді жобалауға арналған тапсырмаларға (ұлттық жобаға 1 – 7-қосымшалар) сәйкес "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын іске асыру жөніндегі үйлестіруші – "Samruk-Kazyna Construction" АҚ дирекциясы (бұдан әрі – дирекция) жүзеге асырады.

Бұл міндетті іске асыру мынадай тетіктерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

Бірінші тетік. Тапсырыс берушінің ("Samruk-Kazyna Construction" АҚ) функциялары берілген Дирекция арқылы жүзеге асырылатын орта білім беру ұйымдарының жаңа объектілерінің нысаналы құрылысы. Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу Ұлттық жобаның 8-қосымшасына сәйкес "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – Тауарларды сатып алу қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10401 болып тіркелген) бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес Дирекция жобаны басқаруды жүзеге асырады.

Осы тетікті іске асыру мыналарды:

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 36-бабының 1-тармағында және 48-бабының 1-тармағы 15) тармақшасында көзделген тәртіпте жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде орта білім беру

ұйымдарының объектілерін салу кезеңіне Дирекцияға жер учаскесіне жерді уақытша өтеусіз пайдалану құқығын беруді;

мектеп салу жоспарланып отырған жер учаскесін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосуды;

орта білім беру ұйымдарының жаңа объектілерін салуға, жаңа оқушы орындарын "дайын күйінде тапсыруға" байланысты тауарлады, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды көздейді.

Дирекцияға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мынадай:

қайтадан қолдану үшін мемлекеттік сараптама ұйымының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысымен ұлттық жобаның бірыңғай стандарты бойынша 37 жобалау-сметалық құжаттама (бес климаттық/ сейсмикалық аймаққа арналған 6 мектеп типі бойынша, бір климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 2500 оқушы орнына арналған

1 мектеп типі бойынша, 6 жеке жоба) (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеуі, қайтадан қолданылатын жобаларды жергілікті жермен байланыстыруы;

Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерді орындауы;

салынып жатқан/салынған объектіні жобалау тапсырмасының талаптарына және Ұлттық жобаның талаптарына сәйкес келуі;

Ұлттық жоба шеңберінде жаңа оқушы орындарын іске қосу жоспарын сақтауы;

ұсынылатын ақпараттың, Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі құжаттамалардың дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік жүктеледі.

Екінші тетік. Орта білім беру ұйымдарының салынған объектілерін ЖАО-ның Тауарларды сатып алу қағидаларында көзделген тәртіппен олардың меншік иелерінен тауар ретінде сатып алуы.

Бұл тетік облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан, Ұлттық жобада белгіленген талаптарға сәйкес келетін орта білім беру ұйымдарының объектілеріне қолданылады, олардың техникалық жай-күйі ЖАО айқындаған сараптама ұйымдары жүргізген тәуелсіз техникалық сараптама нәтижелері бойынша "пайдалануға жарамды" немесе "жұмыс істеп тұр" деп бағаланады.

Сатып алу-сату шартының мәні болып табылатын орта білім беру ұйымы объектісінің құны оның нарықтық құнын тәуелсіз бағалауды және Ұлттық жоба шеңберінде салынған жобалық қуаты ұқсас орта білім ұйымындағы бір оқушы орнының құны есебін ескере отырып айқындалады.

Бұл ретте бағалаушы Тауарларды сатып алу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

ЖАО Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде осы тетікті қолданудың тиімділігіне, сондай-ақ орта білім беру ұйымының сатып алынатын объектісінің сапасына және оның Ұлттық жобаның талаптарына сәйкес келуіне жауапты болады.

Үшінші тетік. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобалары шеңберінде жобалық қуаты кемінде 1 200 оқушы орны бар орта білім беру ұйымдарының объектілерін салу.

Осы тетікті іске асыру Ұлттық жобаға 9-қосымшаға сәйкес "Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының базалық параметрлеріне (бұдан әрі – МЖӘ базалық параметрлері) сәйкес жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда МЖӘ базалық параметрлері нақтыланған және (немесе) жақсартылған сипаттамалар, сондай-ақ Ұлттық жобаны іске асыруға көзделген қаражат шегінде шығыстар көлемі ескеріле отырып қайта қаралуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджет есебінен оқушы орындарын пайдалануға берудің қандай да бір тетігін таңдауды тиісті ЖАО мыналарды:

- 1) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 4-бабында көзделген бюджет жүйесінің негізгі қағидаттарын;
- 2) Ұлттық жобаға 10-қосымшада көзделген Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде өңірлер бөлінісінде жылдар бойынша жаңа оқушы орындарын енгізудің жиынтық жоспарын;
- 3) Ұлттық жобаға 1 – 7-қосымшаларға сәйкес 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000 және 2500 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті, оның ішінде оның құрамына кіретін оқу үй-жайларының құрамын жобалау тапсырмаларын ескере отырып жүзеге асырады.

Жаңа оқушы орындарын іске қосудың көрсетілген тетіктері инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылған немесе қосылуы жоспарланатын, құрылысқа арналған жер учаскесін, ЖСК бөлу және мектептерді күтіп-ұстау түрінде жүргізілетін төмен тұрған бюджеттен бірлесіп қаржыландыру шартымен республикалық бюджет қаражатын республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер (бұдан әрі – нысаналы трансферттер) арқылы ЖАО-ға жеткізуді көздейді.

Төртінші тетік. Консорциум құру арқылы жобалық қуаты кемінде 600 орындық орта білім беру ұйымдарын (бұдан әрі – МЖӘ объектісі) салу.

Бұл тетікті іске асыру Ұлттық жобаға 9-1-қосымшаға сәйкес "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде іске асырылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының базалық параметрлеріне (бұдан әрі – консорциумның базалық параметрлері) сәйкес консорциум құру арқылы жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда Консорциумның базалық параметрлері нақтыланған және (немесе) жақсартылған сипаттамалар, сондай-ақ ұлттық жобаны іске асыруға көзделетін қаражат шегіндегі шығыстар көлемі ескеріле отырып қайта қаралуы мүмкін.

Жеке кәсіпкерлік субъектісі (бұдан әрі – жекеше 1-әріптес) және орта білім беру ұйымы (бұдан әрі – жекеше 2-әріптес) консорциумға қатысушылар болып табылады.

Жекеше 1-әріптес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын Білім беру саласындағы жеке әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидаларына сәйкес айқындалады.

Жекеше 2-әріптесті жекеше 1-әріптес білім беру саласындағы уәкілетті орган жасайтын ұлттық жобаның төртінші тетігін іске асыруға қатысатын жекеменшік орта білім беру ұйымдарының тізбесінен (бұдан әрі – тізбе) таңдау арқылы айқындайды. Тізбені қалыптастыру тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Консорциум шартында мынадай талаптар көзделеді:

1) орта білім беру ұйымы объектісі объектінің және тиісті жер учаскесінің нысаналы мақсатының өзгермейтіндігіне ауыртпалық салынып, жекеше 1-әріптес пен жекеше 2-әріптестің үлестік меншігінде қалады;

2) консорциумға қатысу үлестерін айқындау. Бұл ретте жекеше 2-әріптестің үлесі 5 пайыздан төмен болмайды;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен жекеше 2-әріптеске орта білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мөлшерде және тәртіппен республикалық бюджеттен төленген орта білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы шегінде жекеше 2-әріптестің жекеше 1-әріптеске амортизациялық шығыстарды төлеуі.

Ұлттық жоба шеңберінде орта білім беру ұйымдарының объектілерін салуға бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі Ұлттық жобаға 11-қосымшаға сәйкес "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде орта білім беру объектілерін салуға облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларында айқындалған.

Жаңа оқушы орындарын іске қосудың көрсетілген төртінші тетігі консорциумға қатысушыға республикалық бюджеттен орта білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды және ЖАО-ның инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылған немесе қосылуы жоспарланған объектіні салуға жер учаскесін бөлуін, ЖСҚ көздейді.

2-міндет. Ұлттық жоба шеңберінде іске қосылатын орта білім беру ұйымдарында жайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру.

Ұлттық жоба шеңберінде білім алушылар мен педагогтер үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасалады.

Осы мақсаттар үшін орта білім беру объектілерін салу кезінде мыналарды:

оқу жабдықтары мен жиһаздардың толық жиынтығын;

ұлттық стильді, бейнебақылау, дыбыстап хабарлау жабдықтарын орнату, есіктер мен блоктарды бұғаттау жөніндегі функциялар (террористік қауіп туындаған кезде

автоматты түрде) арқылы білім алушылар мен педагогтердің қауіпсіздік режимін ескере отырып, мектеп кеңістігінің заманауи эстетикалық тартымды көрінісін (ішкі безендіру);

уәкілетті органның шарттары бойынша жылдамдығы кемінде 100 Мбит/с интернет желісіне (Wi-Fi, интернеттің ішкі желілері, серверлер) қол жеткізуді;

педагогтердің жалпы санының 30 %-нан кем емес көлемде мұғалімдер бөлмесі, рекреациялар, кітапханалар және өзге де орындарда орналасқан педагогтер үшін жабдықталған жұмыс орындарын;

ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін мектеп кеңістігін бейімдеуді қамтамасыз ететін бірыңғай стандартты қолдану жоспарлануда.

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы дирекцияға телекоммуникация желілерінің телефон кәрізінде кабель қосу/төсеу үшін техникалық шарттарды өтеусіз негізде ұсынады.

Оқу процесін ұйымдастыру және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқу зертханалары, компьютерлік сыныптары бар физика, химия, биология кабинеттері, Интеллектум кабинеттері, STEM-зертханалар, робототехника және т.б. көзделеді. Әрбір кабинет кем дегенде бір компьютермен, TOUCH/LED -экранмен, заманауи құралдармен жабдықталады.

Мектептерде бастауыш сыныптар, негізгі және орта мектеп үшін бөлек аймақтары бар асхана, спорт залдары (бөлек блоктарда мектепалды даярлық сыныбы мен 1 – 4-сыныптар, 5 – 11-сыныптар үшін спорт залдарының саны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес есептеледі) орналасқан бөлек блоктар болады. Әр білім алушы үшін жеке шкафтар, мобильді трансформер парталар орнату көзделеді. Әрбір қабатта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) көзделген мөлшерде "ауыз су бұрқағы" көзделеді.

Мектептің барлық үй-жайлары мен жиһаздары ыңғайлы, қауіпсіз және тиімді оқыту процесін ұйымдастыру үшін білім алушылар мен педагогтердің оқу-тәрбие қажеттіктеріне сәйкес келетін эргономика талаптарына сай ұйымдастырылады және жабдықталады, "Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Елішілік құндылықты және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту бағдарламасына сәйкес басым түрде отандық өндірістің бәсекеге қабілетті және сапалы тауарларымен жарақтандырылады.

Оқу-тәрбие іс-шараларын өткізу үшін трансформациялау мүмкіндігі бар әмбебап акт залы, сондай-ақ кітап қоймасы мен оқу залы, медиатекасы, электронды кітапханасы

бар кітапхана, әрбір қабатта оқуға және демалуға арналған коворкинг бөлмелері көзделген.

Еңбекке баулуды ұйымдастыру, сондай-ақ білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін тиісті жабдықтары бар әмбебап шеберханалар мен студиялар, алғашқы кәсіптік білім беруге арналған кабинеттер (тігінші, аспазшы, IT, ағаш шебері және басқалар) көзделген.

Мектептер "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес заманауи жиһазбен және жабдықтармен жарақтандырылады. Әрбір оқу кабинеті үшін техникалық оқыту құралдарының ең аз жиынтығы (жиынтықта микрофон-телефон гарнитурасы мен web-камерасы бар Интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер, интерактивті панель, КФҚ) айқындалады.

Мектептердің аумағында көлеңкелі қалқалары мен шағын сәулет нысандары бар тыныш демалуға арналған алаңқайлар, көше коворкингін, тартанмен қапталған көпфункционалды алаңқай (волейбол, баскетбол, футбол (қыс мезгілінде хоккей кортына айналдыру мүмкіндігімен (Абай, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары, Астана қаласы аумағындағы мектептер үшін), теннис кортын, жүгіру жолын, ойлы-қырлы жерлермен жүгіруге арналған жол), оның ішінде бастауыш сыныптар блогының жанында орналасқан қимыл ойындарға арналған аймақтарды орналастыру көзделген.

Объектілерді салу кезеңінде дирекция құрылыс барысын мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, онда пайдаланушылардың кең ауқымы үшін құрылыс алаңдарының бейнетрансляциясы мен фотоесеп функциясы болады.

Мектептердің құрылысы аяқталғанға дейін автомобиль жолдары салынады, балаларды мектепке әкелетін ата-аналардың автокөліктерін аз уақытқа қоюға арналған тұрақ орындары, оның ішінде халықтың қимыл қозғалысы шектелген топтары (бұдан әрі – ХҚҚШТ) үшін кеңейтілген орындар, автобус маршруттары мен аялдамалар, тротуарлар көзделеді. Бұдан басқа, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ЖАО қаражаты есебінен іргелес аумақты орамішілік жарықтандыру жүргізіледі.

Мектептерді салу мен жабдықтаудың бірыңғай стандарттарын қамтамасыз ету үшін 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000, 2500 білім алушыға арналған жобалау тапсырмалары қоса беріледі (Ұлттық жобаға 1 –7-қосымшалар).

Дирекция жобалауға арналған тапсырмалар негізінде ЖАО мектеп салу үшін бөлген жер учаскелерімен одан әрі байланыстыру үшін 37 ЖСҚ (бес климаттық/сейсмикалық

аймаққа арналған 6 мектеп типі бойынша, бір климаттық/ сейсмикалық аймаққа арналған 2500 оқушы орнына арналған 1 мектеп типі бойынша, 6 жеке жоба) әзірлейді.

ЖАО құрылыс басталған кезден бастап білім беру саласындағы құзыретті мамандар қатарынан объектінің құрылысын, оның жиһазбен және технологиялық жабдықтармен жарақтандырылуын қадағалайтын, объект құрылысы аяқталатын мерзімге қарай педагогикалық құрамды іріктеу бойынша алдын ала жұмыс жүргізетін тұлғаны айқындайды.

Ұлттық жобаны іске асыру бойынша ерекше уақытша тәртіп орнату бөлігінде Ұлттық жобаны іске асыру үшін мынадай нормативтік құқықтық және өзге де актілерге :

Ұлттық жобаны іске асыру рәсімдерін реттеу бөлігінде Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ Ұлттық жобаны іске асыру рәсімдерін реттеу ерекшеліктерін қолданбай, Ұлттық жоба шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бөлігінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына;

мектептің жобалық қуатын ескере отырып, бір оқушы орны құнының есебінен айқындалған объектінің құнына сәйкес есептелген мөлшерде жекеше әріптеске төленетін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде құрылыс салу арқылы іске қосылған әрбір жаңа оқушы орны үшін орта білім беру ұйымдары ғимараттарының амортизациясы шығыстарының көлемін белгілеу бөлігінде, сондай-ақ ұлттық жобаның төртінші тетігі бойынша іске қосылатын жекеменшік білім беру ұйымдары үшін жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың жоғарылатылған мөлшерін белгілеу бөлігінде "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 болып тіркелген);

білім беру саласындағы Ұлттық жоба шеңберінде орындарды пайдалануға беруді қаржыландыру мәселесін реттеу бөлігінде "Бюджет қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 567 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22029 болып тіркелген);

ғимараттардың жертөле қабаттарында білім беру объектілерінің үй-жайларын орналастыру мүмкіндігі бөлігінде "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №

ҚР ДСМ-76 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген);

барлық өңірлерде биіктігі 5 қабат мектепті жобалау мүмкіндігі бөлігінде (астана үшін белгіленген қабатқа ұқсас) "Құрылыс саласының жаңа нормативтік базасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жер ресурстарын басқару істері комитеті төрағасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығына;

жаңа талаптар бойынша мектеп құрылысының шекті құны нормативтерін қайта қарау бөлігінде "Құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2022 жылғы 1 наурыздағы № 40-НҚ бұйрығының "ҚР ҚНБҚ 8.02-01-2022 "Ғимараттар мен құрылыстарды салу құнының ірілендірілген көрсеткіштері. Құрылыстың шекті құнының нормативтері" бөлігінде тиісті өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізіледі.

Бұдан басқа, мынадай нормативтік құқықтық актілер:

"Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде енгізілген мемлекеттік орта білім беру объектілерін ұстауға жұмсалатын шығыстардың көлемін айқындау әдістемесі мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы;

"Білім беру саласындағы жеке әріптесті айқындау және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы;

бюджеттің атқарылуы, бюджеттік жоспарлау және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдармен келісу бойынша "Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде бюджеттік инвестицияларды, бюджетті атқару рәсімдерін жоспарлау және іске асыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы;

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 193 шешімімен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар қабылданады.

Ұсынылатын шаралар Ұлттық жобаның міндеттерін неғұрлым тиімді іске асыруға және орта білім беру ұйымдарының объектілерін салу кезіндегі бар тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

4-бөлім. Ұлттық жобаны қаржыландыру

Жаңа жайлы мектептерді салуға және ашуға республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан (жаңа оқушы орындарын іске қосу және технологиялық жарақтандыру) 2023 – 2025 жылдар кезеңінде 1 493 183 305 мың теңге бөлу көзделген (2023 жылы – 499 999 715 мың теңге, 2024 жылы – 646 535 491 мың теңге, 2025 жылы – 346 648 099 мың теңге).

Ұлттық жоба шеңберінде мектептерді салуға және технологиялық жарақтандыруға арналған бюджет қаражатының көлемі мектептер құрылысының алдын ала құны негізінде айқындалған.

2022 жылдың ағымдағы бағалары бойынша бір оқушы орнының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге, салуға және технологиялық жарақтандыруға жұмсалатын шығындардың болжамды құны (бұдан әрі – бір оқушы орнының құны) орта білім беру ұйымы объектісінің жобалық қуатына қарай:

- 300 білім алушыға – 8392 мың теңгені;
- 600 білім алушыға – 6817 мың теңгені;
- 900 білім алушыға – 5392 мың теңгені;
- 1200 білім алушыға – 4886 мың теңгені;
- 1500 білім алушыға – 4271 мың теңгені;
- 2000 білім алушыға – 4258 мың теңгені;
- 2500 білім алушыға – 3692 мың теңгені құрайды.

Ұлттық жобада орта білім беру ұйымы объектісінің жобалық қуатына қарай бір оқушы орнын салуға және технологиялық жарақтандыруға жұмсалатын шығындардың құны Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне, атап айтқанда баға белгілеу және сметалар жөніндегі ҚР ББСБНҚ

8.04-07-2022 "Құрылысқа арналған құн индекстері" нормативтік құжаттарына сәйкес индекстеу ескеріле отырып көзделген.

Ұлттық жобаны уақтылы іске асыру мақсатында қайтадан қолдану үшін мемлекеттік сараптама ұйымының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысы бар ұлттық жобаның бірыңғай стандарты бойынша 37 ЖСК (бес климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 6 мектеп типі бойынша, бір климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 2500 оқушы орнына арналған 1 мектеп типі бойынша, 6 жеке жоба) әзірлеуге және қайтадан қолданылатын жобаларды жергілікті жерге байланыстыруға арналған шығындар ұлттық жобаны іске асыруға бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

ЖСК әзірлеуге арналған шығыстар бір оқушы орнын салуға жұмсалатын шығындардың құнына кіреді.

Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары ұлттық жобаға 12-қосымшада көрсетілген.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 963 қаулысымен бекітілген
"Жайлы мектеп" білім беру
саласындағы пилоттық
ұлттық жобасына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.10.2023 № 957 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2024 № 202 қаулысымен.

300 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға арналған тапсырма _____ (объектінің атауы және орналасқан орны)

P/c №	Негізгі деректер мен талаптардың тізбесі	Көрсеткіш, талаптар, шарттар
1	2	3
1	Әзірленетін жобалау құжаттамасының атауы	"300 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектептің құрылысы" жұмыс жобасы
2	Жобалау құжаттамасына тапсырыс беруші	
3	Жобалау құжаттамасын әзірлеуші	Конкурс бойынша айқындалады
4	Әзірлеу үшін негіздеме	
5	Жобалау және құрылыс түрі	Жұмыс жобасы. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объект
6	Жобалау кезеңділігі	Бір сатылы – жұмыс жобасы
7	Нұсқалық әзірлеуге қойылатын талап	Талап етіледі. Алдын ала сәулет-жоспарлау шешімдерін (нобайлық жоба) жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен келісу____
8	Құрылыстың ерекше шарттары	Климаттық кіші аудан – ____ Құрылыс алаңының сейсмикалығы – ____
9	Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар негізгі сипаттамалар	
		Мектептер салу есебінен білім алушыларға жайлы білім беру ортасын құру. Басымдық міндеттері:

	Мақсаты	балалардың қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру; әлеуметтік-психологиялық климатты үйлестіру; балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету; мектептегі тамақтануды ұйымдастыру үшін сапалы жағдайлар жасау; балалардың дене бітімі дамуын сапалы жағдайлармен қамтамасыз ету; балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау; оқушы орындарының тапшылығын жою; балалардың мектепте қауіпсіз болуын қамтамасыз ету; кедергісіз ортаны қамтамасыз ету; коммуникациялық қолжетімділік; әртекті сәулет ортасын құру; объектіні салу кезінде инновациялық технологияларды қолдану.
	Бағыты	Бір ауысымда 300 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектеп. Оқыту түрі – екі ауысымды. Үш деңгейлі білім беру бағдарламаларына сәйкес жалпы білім беру процесін жүзеге асыруды қамтамасыз ету: 1-деңгей – бастауыш білім беру (1-ден 4-сыныпқа дейін); 2-деңгей – негізгі орта білім беру (5-тен 9-сыныпқа дейін); 3-деңгей – жалпы орта білім беру (10-11 сыныптар). Жалпы білім беретін ұйымдарда бір ауысымда оқытқанда кіші және орта мектеп жасындағы білім алушылардың 100 %-ы үшін және жоғары мектеп жасындағы білім алушылардың 75 %-ына дейін орындар санын көздеу. Сыныптардың толымдылығы – 25 білім алушы. Жер учаскесінің ауданын 3.01-101 ҚР ҚҚ қала құрылысының ережелеріне сәйкес қабылдау қажет

	Қабат саны	2.03-30-2017 "Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс" ҚР ҚҚ-ның 9.2-кестесіне, 3.02-111-2012* ҚР ҚҚ-ға сәйкес
	Үй-жайдың биіктігі	3.02-111-2012* "Жалпы білім беру ұйымдары" ҚР ҚҚ-ға, 3.02-107-2014* "Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар" ҚР ҚҚ-ға сәйкес
10	Ғимараттың көлемдік-жоспарлау шешіміне қойылатын негізгі талаптар	Оқу үй-жайларын санитариялық нормаларға сәйкес жобалау. 3.02-11-2011* "Жалпы білім беру ұйымдары" ҚР ҚН-ға, 3.02-111-2012* ҚР ҚҚ-ға, 3.02-07-2014* "Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар" ҚР ҚН-ға, 3.02-107-2014* ҚР ҚҚ-ға сәйкес бастауыш, орта және жоғары сынып білім алушыларын қабат бойынша шартты түрде орналастыру арқылы оқу аймақтарын блокпен орналастыруды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары. Үй-жайлардың ауданын 3.02-11-2011* "Жалпы білім беру ұйымдары" ҚР ҚН-ға, 3.02-111-2012* ҚР ҚҚ-ға және келісілген нобайлық жобаға сәйкес қабылдау. Техникалық үй-жайлардың ауданын Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарына және келісілген нобайлық жобаға сәйкес есептеулер бойынша қабылдау
		Осы жобалауға арналған тапсырмаға қосымшаға сәйкес. Білім алушыларға арналған киім ілетін орындардың орнына сыртқы киімдерді, ауысымды аяқ

11	Үй-жайлардың құрамы	киімдерді және оқулықтарды сақтауға арналған жеке шкафтарды көздеу. Орталық баспалдақпен біріктірілген бос уақыт орталығын көздеу. Жабдықпен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес қабылдау
12	Конструкциялық шешімдерге, тіреу және қоршау конструкцияларының материалдарына қойылатын негізгі талаптар	Жұмыс жобасын ҚР ҚЖ EN (ұлттық қосымшалары бар еурокодтар) және 2.03-30-2017* " Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс" ҚР ҚҚ-ға сәйкес әзірлеу
	Сәулет-жоспарлау шешімдеріне, ішкі және сыртқы әрлеуге қойылатын негізгі талаптар	Пайдалану және заманауи эстетикалық талаптарға сәйкес келетін индустриялық өндірістің үнемді материалдарын көздеу. Сыртқы және ішкі жұмыстар кезінде керамогранит қолданылады, бағасы бірдей болса оны гранитпен/мәрмәрмен ауыстыруға болады
	Шатырлар, жабын	3.02-37-2013 "Шатырлар мен жабындар" ҚР ҚН, 3.02-137-2013* ҚР ҚҚ талаптарына сәйкес
	Төбелер	Дәліздер, рекреациялар, вестибюльдер, тамақтану залдары – жұмыс жобасына сәйкес құрамдастырылған. Оқу үй-жайлары – бояуға арналған ашық төбе. Киім ілетін орындар, әкімшілік үй-жайлар, персонал бөлмелері, күзет үй-жайлары, диспетчерлік бөлмелер – жұмыс жобасына сәйкес. Жеке жаттығулар аймағы – акустикалық панельдер. Ас үйдің өндірістік үй-жайлары – сулы дисперсиялы жуылатын акрилді бояу. Тамбурлар – гипсокартон.

		Санитариялық тораптар – жұмыс жобасына сәйкес рейкалы төбе. Медпункт – жұмыс жобасына сәйкес жақтаудағы 600х600 перфорацияланған плиталар
	Терезелер, витраждар	Оқу кабинеттері, сыныптар, қызметтік және тұрмыстық үй-жайларда – ПВХ-дан жасалған металл-пластик. Негізгі кіреберістердің, спорт залдарының, асхананың витраждары – өртке қарсы нормаларға сәйкес алюминий қорытпаларынан. Техникалық регламентке және қолданыстағы нормаларға сәйкес әйнектеу
	Терезе тақталары	Пластикалық
	Есіктер	Сыртқы есіктер. Негізгі кіреберістер – МЕМСТ 23747-88 бойынша алюминий қорытпаларынан жасалған есіктер. Эвакуациялық шығу, баспалдақ алаңдарынан, окшаулағыштан, ас үй үй-жайларынан, шеберханалардан шығу – МЕМСТ 23747-88 бойынша алюминий қорытпаларынан жасалған есіктер. Техникалық жерүңгір есіктері – болат. Ішкі есіктер. Сыныптар, оқу кабинеттері, шеберханалар, зертханалар және зертханашы бөлмесі – HPL, CPL, SPL және фан-лайн, ПВХ (вандализмге қарсы, тозуға төзімді) жабындармен қапталған қос есікті ағаш есік блоктары. Әкімшілік кабинеттер мен үй-жайлар, мұғалімдер бөлмелері – вандализмге қарсы жабыны бар ағаштан. Киім ауыстыратын бөлмелер, дәретханалар, жинау мүкәммалына арналған үй-жайлар, асхананың өндірістік үй-жайлары және т.б. – тұрғын және қоғамдық ғимараттарға арналған МЕМСТ 6629-88 бойынша ішкі ағаш есіктер. Техникалық үй-жайлар (электр қалқаны, жылу пункттері, су өлшегіш тораптар) – МЕМСТ

		31173-2016 бойынша болат есік блоктары. Бас кіреберістердің, спорт залдарының, асхананың витраждары – өртке қарсы нормаларға сәйкес алюминий қорытпаларынан. Есік блоктары – МЕМСТ сәйкес болаттан.
